
ЭТНОМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

ӘОЖ 958.4

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨРКЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗДЕРІ THE BASIS OF THE CENTRAL ASIAN'S CIVILIZATION

С. ӘБУШӘРШҰЛЫ*

Түйіндемe

Еңбекте Орталық Азия көшпелілері қоғамының ішкі-сыртқы байланыстарының өркениеттік негіздері, оны нығайтудың механизмі қарастырылады; бұл өркениеттің басты материалдық-рухани ядросы және оның Қазақстанның әлеуметтік-рухани болмысын қалыптастырудағы рөлі анықталады; көшпелі мәдениеттің құндылықтық ориентациясының позитивті жақтарына мән беріп, одан әрі аялап сақтаудың қажеттігі тұжырымдалады.

Кілт сөздер: Орталық Азия, өркениет, методология, шаруашылық-мәдени тип, дәстүрлер (дүниетаным, әдет-ғұрып, мінез-құлық) және сакральдық (киелі) құндылықтар.

Summary

The purpose of the project is not to explore all of the content of the Central Asia civilization, and reveal only the social, material and spiritual characteristics of its origins, to consider and to show the material and the spiritual core and foundation of the Central Asia civilization, as well as to determine the place this civilization in world history and its role, serving as a historical, cultural and ideological basis of the Union peoples of Central Asia.

Key words: the Central Asyan Union, Central Asyan civilization, sacred values, religious beliefs of Central Asiatic peoples.

Н.Ә. Назарбаев тарапынан алға тартылған «Қазақстан-2050» жаңа стратегиялық бағыттарының жүзеге асырылуы үшін түрік мемлекеттері интеграциясының маңызы зор. 1994 ж. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру туралы идеясын ұсынған-тын [1]. Біз, - деді ол, - Орталық Азияны тұрақтандыруға өз үлесімізді қосуға тиіспіз. Оның озық тәсілі – аймақшілік бірігу [2, 8]. Бұл идея, интеграция – қазіргідей дағдарыстың қауіп-қатерінен құтылудың, жаһандану үдерісіне әзірлікпен кірігудің бірден-бір ұтымды жолы. Аталмыш идея Түрік

*Философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Түркістан-Қазақстан.

Candidate of Philosophical science, Associate Professor, senior scientific worker of the scientific-research in the Institute of Turkology affiliated to the International Kazakh-Turkish University named Ahmet Yassawi. Turkistan-Kazakhstan, e-mail: Sairan_1943@mail.ru

халықтарының мәдениеті мен болмысының іштей жақындығына, олардың іс жүзіндегі ішкі ментальдық бірлігіне негізделген. Еуразиялық-Тұрандық кеңістікті баяғыдан осы жердің табиғи ландшафтына бейімделіп, шаруашылықтарын жүргізген халықтар – түркілер, финугорлар және үндіеуропалықтар мекендеді. Соған сәйкес бұл жерде өзге өркениеттік бітімдерден өзгеше орталық-азиялық бірегейлік пен дүниетаным, яғни орталық-азиялық өркениет қалыптасты. Осыны тұжырымдап көрсету басты идеямыз болып табылады. «Алтай – түрік дүниесінің бесігі» атты халықаралық форум қатысушыларына жіберген құттықтау хатында Н.Ә. Назарбаев Алтайдан табылған құнды ескерткіштерді зерделеуге мүмкіндік беретін осынау форум жұмысына сәттілік тілей отырып, былай деді: «Шүбәсіз, түрік халықтары мәдениетінің алтын негіздері – дәстүрлері туралы әлі талай шығармалар, оқулықтар т.б. жазылатын болады» [2]. Астана қаласындағы № 64 лицейде оқыған дәрісінде ол адам баласы өз халқының тарихын білмесе, оның Отанға деген сүйіспеншілік сезімінің болуы мүмкін емес, деді.

Тақырыпқа қатысты М.К. Қадырбаевтың және басқа авторлардың еңбектері бар [3].

Шетелде Янош Харматта мен В. Н. Пуридің редакциялауымен баспадан шыққан еңбекте (History of Civilizations of Central Asia) б.э.д. 700-інші жылдан б.д. 250 жылдар арасындағы Орталық Азиядағы көшпелі өркениеттер тарихы (Vol. II), сондай-ақ аймақ тұрғындарының отырықшы тұрмыс-салты қарастырылады. Бірақ онда бұл өркениеттің қола ғасырындағы сипаттамасы берілмеген [4].

Е.Әуезов, С.Сейдуманов және А.Мейлих тарапынан құрастырылған «Алматы қаласының тарихы» атты оқу құралында б.д.д. III мыңжылдықта шаруашылықтағы өзгерістер малшаруашылығы, жер өңдеу мен жоғары дамыған металлургияның қалыптасуына әкелді. Бірақ андроновтықтардың негізгі шаруашылығы бақташы, мал шаруашылығы еді, делінген. «Цивилизации Средней Азии», «Цивилизации древнего мира» атты еңбектерде Орта Азия өркениеті көшпелі тайпалар одағы құрылған түрлі тарихи-географиялық аймақтарда пайда болады деп көрсетіледі. Жалпы алғанда онда б.д.д. мыңжылдықтарда Орта Азиядағы тарихи ситуация көрсетіледі [5].

«Средняя Азия в III–I тысячелетиях до н. э.» (www.bibliotekar.ru/polok-17/32.htm) атты еңбекте Орта Азияда жер өңдеу мәдениетінің б.д.д. III мыңжылдықта пайда болғандығы,

алғашқы қалалардың және ертеқалалық өркениеттің қалыптасқандығы, қола мөрлерінің табылғандығы, сондай-ақ регионда көшпелі тайпалардың қауіп төндіргендігі тілге алынады.

В.М.Массонның (журнал *Stratum* №5, 1999 г., *Древние цивилизации Востока и степные племена в свете данных археологии*) еңбегі Ескі және Жаңа Әлемнің өркениеттеріне арналып, Таяу Шығыс, Орта Азия, Индия, Қытайда жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелеріне негізделген. Автор өркениеттердің әлеуметтік-мәдени комплекстерінің бастауларына мән берген.

Ал «Цивилизации и культуры Центральной Азии в единстве и многообразии», (Самарканд, 7-8 сентября 2009 г. Samarkand-Tashkent – 2010) атты Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары Орталық Азия халықтарының мәдени өзара байланыстарының пайда болуы мен дамуы тарихын, отырықшы және көшпелі халықтардың интеграциясы мәселелерін қамтиды.

Осынау тақырыпқа қатысы бар баяндамалар өзіне назар аудартады («К вопросу о взаимодействии кочевой и оседлой культур народов Центральной Азии: Историографический аспект» и «Этнокультурные процессы в древней Центральной Азии») [5].

Көшпелілік теориясы проблемаларын зерттеу ісі ХІХ ғасырдың соңына қарай және ХХ ғасыр басында қолға алынып, зерттеушілердің еңбектерінде көшпелі қоғамдардың шаруашылығы мен әлеуметтік тарихының кейбір мәселелері көрінісін тапқан. Көшпелі қоғамдардың әлеуметтік эволюциясы теориясын, көшпелілердің стадиялық дамуының деңгейін анықтауға ден қойған жұмыстар баршылық. Қазіргі зерттеулерде көтерілген бұл тақырыптың көптеген аспектілерін пікір сайысы ретінде қарастыруға болады [6]. Бірақ оларда Орталық Азиядағы көшпелі тұрмыс мәселелері сөз болады. Бұл тұрғыдан көшпелілік және оның өркениеті мына авторлардың еңбектерінде қарастырылғанын айта кету керек: П.П.Румянцев, В.В.Радлов, Н.А.Аристов, В.В.Бартольд (ХІХ ғ. соңы –ХХ ғ. басы); С.П.Толстов, Б.Я.Владимирцов, Н.Н.Козьмин, А.Н.Бернштам, М.И.Артамонов, А.М.Хазанов, Р.П.Храпачевский және т.б. [7].

Көшпелі мал шаруашылығының генезисі мен пайда болуының ерте кездерінің проблемалары, көшпелі шаруашылықтың классификациясы мен типологиясы, табиғат және әлеуметтік факторлардың өзара әрекеті және көшпелі малшылардың отырықшы-егіншілермен байланыстары мәселелерін қарастырған бірсыпыра еңбектер бар (Номадизм көшпелі

шаруашылықтың типі ретінде К.Б.Саханова, Е.И. Кычанов т.б. жұмыстарында сараланады [8].

Осылар және басқа зерттеушілер-археологтар жинақтаған өте бай деректердің негізінде Орталық Азия көшпелілері, әсіресе тұрандықтар мен түріктердің жалпы тарихын, соның ішінде өркениеті мен мемлекеттерінің келіп шығуын зерделеуге болады.

Тур және Түрік, Арий сөздерінің түп-төркіні туралы қызғылықты пікірлерімен танылған шет жерлік авторлардың ішінен Х.Х.Шаэдэр, А.Вон Ле Кох, М.Кмоско, В.Томсен, Мукатил Ибн Сулейман және И.Кафесоғлы [9], Ю. Дармстеттер [10], З. Валиди [11], Х. В. Хауссиг [12], В. Еверхаад [13], М. Қашқари [14], Ю.Немет және Ешреф Бенги Өзбилендердің [15] есімдерін бөле-жара айтуға болады. Бұл авторлардың кейбіреулерінің (Ю. Немет, Х.Вамбери, Ешреф Бенги Өзбилен) пікірінше, «тур» сөзі «күш-күдірет» деген мағынаны береді. Мұндай мағыналу басқа авторлардың талқысы мен талдауларына қарағанда осынау сөздің мәнін толық әрі дәл бейнелеп тұр деп білеміз.

Сондай-ақ, И.Кафесоғлы, Ю.Немет, Ф.Хангар, В.Өгель, В.Еверхард, В.Рубен, В.Копперз, Л.Расонилердің [15] еңбектерінде еуразиялықтардың, оның ішінде тұрандықтардың этникалық тегі туралы көңілге қонымды біршама пікірлер білдірген. Көшпелілер өркениетінің тарихи алғышарттары талданған еңбектердің өзі бір төбе. Кейбір авторлардың еңбектерінде б.д.д. II мыңжылдықтың соңы және I мыңжылдықтың алғашқы жартысындағы атауы дүниеге тараған евразиялық-тұрандық қауымдар туралы сөз болады.

Еуразиялық Тұранның этникалық және саяси тарихына қатысты мағлұматтар Д.Банзаров, В.Владимирцев, С.Д.Майнагачев, А.И.Мартынов, С.А.Плетнева, В.П.Алексеев, П.Мелиоранский, С.П.Толстов, А.А.Семенов, Н.А.Аристов, Л.Н.Гумилев, А.Н.Бернштам, В.В.Григорьев, В.Д.Греков, В.Вельяминов-Зернов, М.П.Грязнов, А.Левшин, М.П.Вяткин, Н.Я.Бичурин, В.В.Бартольд, С.Е.Малов, А.Ю.Якубовский, С.Г.Кляшторный, Г.И.Спаский, В.В.Радлов, Ю.А.Зуев, В.Жирмунский, А.М.Щербак, М.И.Артамонов және қазақ зерттеушілері Ә.Қоңыратбаев, Қ.Өмірәлиев, М.Б.Ақынжанов, М.Тынышпаев, Ә.Хасенов, Б.Е.Көмеков, К.М.Байпақов, Ә.Марғұлан, К.А.Ақышев, О.Смағұлов, М.К.Қадырбаевтардың еңбектерінде жинақталған [16]. Бұлар бірін-бірі толықтырып зерттеудің құнын арттыра түседі. Өйткені, бәріміздің зерттеу объектіміз бір. Ол – өте көлемді әрі құнды тақырып «Орталық Азия өркениетінің негіздері».

Аталмыш тақырып бойынша автор тарапынан алдын-ала алынған нәтижелер де жоқ емес. Айта кету керек, жоғарыда тілге алынған еңбектердің бірде-біреуінде Орталық Азия және Тұран біртұтас Ел-жұрт, Отан-орда, суперэтникалық бірлік, бірегей өркениет ретінде қарастырылмаған, яғни ежелгі дәуірдегі еуразиялық-тұрандық тамырластық тарамдалып, арнайы жүйеге салынып, хронологиялық ізде, белгілі бір мекен мен кеңістік аясында өркениет сипатында талданбаған. Бұл мәселенің кейбір аспектілері біздің мына еңбектерімізде көрінісін тапқан: «Афрасиаб» -Түркістан: Тұран, 2004, 350 бет: Қазақтар және Түрік әлемі: мемлекеттіліктің бастаулары. – Алматы: «Баспалар үйі», 2009, 357 бет: Тұран өркениетін зерттеудің методологиялық аспектілері: Может ли сформироваться евразийская нация на одной частей древнего Турана// Евразия, 2010, № 5.

Бұл тақырыпты зерттеудің ұлттық және халықаралық маңызы өте зор. Өйткені Орталық Азия тарихы мен өркениетінің, сондай-ақ оның әртүрлі кезеңдеріне қатысты мәселелер анықталып, мұның өзі ұзақ мерзімді зерттеу жұмыстарын жүргізуге негіз болады. Осы тақілеттес еңбектердің дүниеге келуі болашақта «Түрік өркениетін» толыққанды жазуға жол ашатын қадам болады деп білеміз. Сондай-ақ, бұл тақырыптың зерттелуі Орталық Азия халықтарының өркениет бірлігі мен тұтастығын айқындай түсу, содан барып оны халықтардың санасына сіңірудің өзі қазіргі уақытта олардың рухани және саяси жағынан ынтымақтасып өмір сүруіне серпін беріп, септеседі деп білеміз.

Автор тарапынан алынған нәтижелердің гуманитарлық ғылымның дамуына азғантай болса да әсері туралы да сөз қозғауға болады. Бұл ретте Орталық Азия өркениетінің ішкі-сыртқы өмірі байланыстары әдістерінің негізінде не жатыр деген сұраққа жауап бере отырып, Орталық Азия әлеміндегі әлеуметтік интеграцияның доминанттық формаларын, жергілікті тұрғындардың әлеуметтік-этникалық ұжымдық өмір сүруінің айрықша әдістерін, оның негізгі үш-төрт компоненттерін, оның ішінде техникалық жақтарын (жылқышылық шаруашылығы, темір өңдеу т.б.), саяси-әлеуметтік құрылымдарын, дәстүрлерін (дүниетаным, әдет-ғұрып, мінез-құлық) және сакральдық (киелі) құндылықтарының ерекшеліктерін көрсету маңызды.

Әлбетте, Орталық Азия түріктерінің баршасына тән ортақ тарих пен құндылықтар жүйесіне негізделіп құрылған мемлекеттіліктің өміршең әрі халықтық сипат алатындығын дәйектеу аса маңызды шығармашылық іс болып табылады.

Орталық Азияның этникалық және саяси тарихына қатысты мағлұматтар көптеген авторлардың еңбектерінде жинақталған. Бұлар бірін бірі толықтырып зерттеудің құнын арттыра түседі. Өйткені, бәріміздің зерттеу объектіміз бір. Ол – өте көлемді әрі құнды тақырып «Орталық Азия өркениетінің бастаулары». Алайда, бұл еңбектердің бірде-біреуінде Орталық Азиялық феномен біртұтас Ел-жұрт, Отан-орда, суперэтникалық бірлік, бірегей өркениет ретінде қарастырылмаған, яғни ежелгі дәуірдегі тұрандық-түріктік тамырластық тарамдалып, арнайы жүйеге салынып, хронологиялық ізде, белгілі бір мекен мен кеңістік аясындағы өркениет сипатында талданбаған. Ол, ол ма, бұл феноменнің бастаулары және олардың қазіргі қазақ этносымен байланыстылығы зерттелмеген. Бұл тұрғыдан Қазақстан мемлекетінің біздің ұлттық тарихымызға – бастауларымызға назар аударуға үндегені белгілі.

Көшпелі қоғамның білімнің түрлі бағыттары мен салалары өкілдері тарапынан зерттелуі, олардың бірлесіп әрекет етуге көшуі көшпелі тұрмыс салтының көптеген қыр-сырларын ашуда пәнаралық және өркениеттік әдістерді қолданудың қажеттігін көрсетеді. Бұл маңызды пәнаралық қадам Орталық Азия көшпелі қоғамы мен қазақ этносының арасындағы сабақтастықта ғылыми жаңалықты анықтаудың негізі болып табылатын қорытындылар жасауға және нақ қазақ этносының өзі бұл көшпеліліктің субъектісі ме деген назар аударарлық сауалға жауап табуға мүмкіндік береді. Айта кету керек, Орталық Азиядағы көшпеліліктің тарихнамасынан хабардар болу жұмыстың методологиясын анықтауға жәрдемдеседі, ал деректерді білу көшпеліліктің тарихын зерттеуге және қазақ мемлекеттілігін дамыту бойынша жаңа тарихи ойға қозғау салуға бағытталған, пәнаралық әдіске негізделген объективті тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Белгілі болғанындай, бүгіндері феноменология, этнометодология, тіпті функционализм сияқты методологиялық бағыттарды пайдалануға болады. Феноменология тарихи оқиғаларды өткен замандағы тұлғаларды тану арқылы тарихи оқиғаларды қарастыруды діттейді. Сонымен бір қатарда біз экономикалық детерминизм және басқа макротеорияларды да назардан қалыс қалдырмаймыз. Экономикалық детерминизм қағидаттарын басшылыққа ала отырып, көшпелі шаруашылықты тек ұлан-байтақ жайылымдарға негізделеді деп пайымдаймыз. Оларға жайылымдық жер керек болғандықтан, тайпалар

арасында көбінесе қақтығыс болып тұрады. Бұдан тысқары, көшпелілік пен қазақтардың этногенезін біз, Н.Ә.Назарбаев айтқандай, арийлермен байланыстырып қараймыз [17]. Мұның өзі арийлердің көптеген этностардың ата-бабалары екендігін және біздің этнос ретіндегі бірлігімізді нақтылауға жәрдемдеседі. Қазіргі уақытта көшпелілікті қарастыруда өркениеттік кешенді зерттеу әдісін қолданудың берері мол екендігіне көз жетеді. Бұл орайда «көшпелі өркениет» ұғымын анықтау мәселесінің маңызы зор. Біз «нақты өркениетті анықтау – оған тән өмір сүрудің тәсілін сипаттау дегенді ұстанамыз «Өркениет – бұл қоғамның тіршілік етуінің тәсілі, оның өзі мынадай ең жалпы факторлармен анықталады: географиялық (немесе) табиғи орта; шаруашылықты (экономиканы) жүргізудің жүйесі, әлеуметтік ұйым; рухани құндылықтар (дін, идеология) және мәдениет; саяси система; ментальдылық (діл); өркениет өмір сүретін дәуір ерекшеліктері.

Өркениеттік келіс көшпелілікті әлеуметтік-мәдени жүйе ретінде сипаттап, көшпелі қоғамдар дамуының өркениеттік негіздерін зерттеудің методтары мен принциптерін әрі қарай іздестіруге бағыт алған.

Енді Орталық Азиядағы өркениеттің негізгі элементтерінің бірі – мемлекеттіліктің сипаты мен рөліне тоқталамыз.

Тарихи дәуірлерден күні бүгінгі дейінгі кезеңдерде түрлі географиялық аймақтарда тарих сахнасына шыққан Түркі мемлекеттерінің түркілік сипаты олардың құрылымдық дәстүрінде көрініс тапқан болса керек. Жалпы алғанда, түрік мемлекеттері мен қауымдастықтарын әлеуметтік-мәдени, әскери, қаржылық және басқару, әсіресе ұлттық мәдениет тұрғысынан қарастырғанда, Түрік дүниесі ұғымы пайда болады. Осы жалпы құндылықтарды жеке мемлекеттер мен қауымдастықтар аясында қарастырудың танымдық әрі ұлттық мүдде тұрғысынан алып қарағандағы маңызы зор. Әсіресе, Түркістан, Еділ-Орал және Қара теңіздің солтүстігінде пайда болған түрік мемлекеттерінің құрылуы мен ыдырауы түріктердің әлеуметтік құрылымымен тікелей байланысты. Саяси күшін жоғалтқан бір түрік мемлекетінен кейін басқа бір түрік мемлекеті немесе мемлекеттері тарих сахнасына шығып отырған. Басқаша айтқанда, саяси күшін жоғалтқан этатист жанұя, көшпенділер немесе тайпалар орнына басқа бір этатист жанұя, көшпенділер немесе тайпалар келіп отырған. Өйткені, түрік мемлекеттерінде этатист жанұя, көшпенділер немесе тайпалардың ауысу процесі кезінде мемлекеттің негізгі қағидалары,

яғни түрік мемлекетінің құрылымдық дәстүрі жалғасып отырған. Мысалы, Селжүк мемлекетін Оғыз қауымының Қынық тайпасынан шыққан Селжүкоғулларының жанұясы құрған. Бұл мемлекет ыдырағаннан кейін Осман мемлекетін дәл осындай жолмен Оғыз қауымының Қайы тайпасынан шыққан Селжүкоғулларының жанұясы құрған. Мұнда құрушы тайпалар мен жанұялардың әр түрлі болғанына қарамастан, мемлекеттерінің құрылымдық дәстүрі уақыт өтісімен өзгерістерге ұшырамай сақталып қалды, яғни оның негізгі элементтері Селжүктерден Османдықтарға өтіп, жалғасын тауып отырған.

Тарихтағы түрік мемлекеттерінің тағы бір ерекшелігі «әлемдік мемлекет» құру идеясының болуында. Бұл орайда түрік мемлекеттерінің билік жүргізу шегін әлемдік билік ұғымы арқылы түсіндіруге болады. Оғыз Қаған дастанында «Шатырымыз – көк жүзі, туымыз – күн» деген сөз әлемдік мемлекет ұғымын айқын түрде түсіндіреді. Түрік мемлекеті ұғымын ең дұрыс жолмен түсіндіретін бұл анықтаманы тағы да біраз тереңдетіп айтар болсақ, түрік мемлекеттері әлемді билеу жолында басып алған барлық жерлердегі халықтарға діни, мәдени, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан құқық берген. Осылайша түріктер өздері қоныс тепкен аймақты өз отанымыз деп есептеді және өздерімен бірге өмір сүрген басқа қауымдарды өз ұлтынан алшақтатпады. Демек, түркілердің әлемдік мемлекет ұғымында жаулап алған барлық жерлері олардың отаны ретінде қабылданып отырған.

Түрік тілінде сөйлейтін және ортақ дәстүрлерге ие түріктер тарихта көптеген мемлекеттер құрған. Түрік қауымына тән дәстүрлер («Түрік мемлекеттерінің құрылымдық дәстүрі») мен ой-пікірлер әрбір құрылған жаңа мемлекетте жойылып кетпей, қайта жаңғырып отырған. Бірақ, мына мәселені көзден таса қалдырмау керек. Түрік мемлекеттері құрылған географиялық аймақтардағы діндер, пайда болған ой-пікірлер және өмір сүру салттарының кейбір өзгерістерге ұшырауы салдарынан түрік мемлекеттері арасында да айырмашылықтар пайда бола бастаған. Сонымен қатар түрік мемлекеттерінде өзгермейтін кейбір құндылықтардың болғандығын айта аламыз. Ғасырлар бойы әр түрлі географиялық аймақтарда өмір сүрулеріне және діндерді (буддизм, мани, иудаизм, христиандық, мұсылмандық) қабылдауларына қарамастан, 1250 жылдық тарихы бар түркілердің мемлекеттік ұғымын бейнелеген түрікшедегі тұрақты сөз тіркестері бүгін де қолданылуда және олардың мағыналары көп өзгерістерге ұшырамаған. Бұл жағдай түріктердің мықты бір мемлекеттік

көзқарасының болғандығын көрсетеді. Бүгінде тарихи дәуірлердегі түрік мемлекеттерінің жойылып кеткеніне көп уақыт болды, бірақ олар ұстанаған қағидалар күнделікті тіршілікте қолданыла берді. Көктүріктерде, Селжүк және Османлы мемлекеттерінде де осындай еді. Кеңес Одағы құрылымының ыдырауы нәтижесінде бес Түрік Республикаларының бір уақытта құрылуын осымен түсіндіруге болады.

Ал Шығыста, мысалы Шыңғысхан мемлекетінде негізгі отан, өзге отан дегендер болмаған, сол сияқты онда негізгі ұлт, өзге ұлт та болмаған. 600 жылдық өмірінде Осман мемлекеті қол астындағы Балқан, Кавказ және Таяу Шығыстағы байлық көздерін Анадольға әкеп жиғандығы жайлы ешқандай мәлімет кездеспейді. Аталмыш өлкелерде өмір сүрген османдықтардың Анадольдағы халықтардан ешқандай айырмашылығы болмаған. Басқаша айтар болсақ, Анадольдан тыс жерлерде өмір сүрген халықтардың Анадолының болмысы мен мүддесі үшін жұмыс істемегендіктері шындық. Анадольдағы Кайсери мен Балкандағы Үскіп қаласының арасында басқару жүйесі және қызметке орналасу тұрғысынан ешқандай айырмашылықтың жоқтығы байқалады. Өйткені, мемлекетінде қайда, не нәрсеге қандай мөлшерде қажеттілік туындаса, қызмет бөлінісі де соған байланысты айқындалған. Мемлекеттік қызметте «абырой» мен «адалдық» негізге алынған. Сондықтан, түркілер салтанатына империя сипатының берілуі мен мемлекеттің осылай аталуы терминологиялық жағынан қателік болып табылды.

Түркі қауымына тән дәстүрлер (Түркі мемлекетін басқару дәстүрі) мен көзқарастар әрбір құрылған жаңа мемлекетте жоғалып кетпеген, керісінше қайтадан жандана түскен. Алайда, мына мәселе де назардан тыс қалмауы керек: Түркі мемлекеттері құрылған территориялардағы діндер, жергілікті дәстүрлер мен өмір сүру салты түркі мемлекеттерінің арасындағы біршама айырмашылықтарды жүзеге келтірген.

Адамдардың бір мәдениет төңірегінде, бір ортаға топтасуымен пайда болған ең үлкен әлеуметтік қауым ұлт деп танылады. Дәл осындай қоғам құрған ең үлкен саяси ұйым мемлекет болып саналады. Түркілерде ұлт және мемлекеттік идея көне заманда қалыптасып, дамып отырған. Тарихта түркі мемлекеттері негізінен Еуразия территориясында пайда болған. Алайда, бұл аймақтан тыс жерлерде де құрылған мемлекеттер болған. Тарихта бір уақыттың өзінде бірнеше (бүгінгі таңдағы секілді) түркі мемлекеттері құрылған.

Түркілер мемлекетті “ел” немесе ”ил” деп, мемлекет құруды “ил болу”, мемлекетті басқару ісін “ил ұстау” (ил тутмак) деп айтқан. Мемлекет басқару ісінде жазылмаған, алайда, мыңдаған жылдар бойы жалғасын тапқан “салт-сана” әрдайым кәдеге асып отырды. Түркілерде мемлекет бір-бірімен байланысты «халық, отан, әкімшілік, мемлекет» сияқты ұғымдарды қамтыған. Мемлекет халықтың шекарасы белгіленген жерге билік орнатылуы арқылы құрылған саяси, әлеуметтік және құқықтық ұйым болып табылады.

Тарихта түркі мемлекеттерінде еркіндік пен тәуелсіздік мемлекет болудың екі негізгі шарты ретінде қабылданған. Өйткені, олар қандай жағдайда болсын, еркіндік пен тәуелсіздіктерін қорғап қалуға тырысқан және қажет болған жағдайда осы мақсатты көздеп, мекен еткен жерлерін тастап кетіп отырған. Атап айтқанда, б.з.д. 58 жылы Ғұн мемлекетінің ішкі және сыртқы басқыншылықтардан әлсіреулеріне байланысты Қытаймен одақтасқан Хоқан-йех пен оның айналасындағылардан қорғана отырып, Чи-Чи қауымы еркіндігі мен тәуелсіздігінен айрылмау үшін өз жұртын тастап көшкен. Бұл ретте Көктүрік мемлекеттерінен де бірер мысал келтіре кетейік. Қытай өркениетінің Көктүрік мемлекеті басшыларына ықпал етуін, Қытайдың өмір сүру салтын қабылдаулары сияқты Білге қағанның әрекеттерін айыптаған қарт, тәжірибелі уәзір Тонькөк Көктүрік тәуелсіздігіне мұндай қатерді төндірмеу үшін шаралар көрген.

Түркілерде биліктің қайнар көзі дін болатын. Олар Тәңірі билігін тікелей емес, қағандар арқылы жүргізеді деп сенген. Түркі қағаны да өзін Тәңірі тарапынан таңдап алынған, күш пен қабілеті мол адам ретінде сезінетін болған. Тәңірі түркі әміршісіне құқық, саяси күш (құт), ұлылық, бедел және күш береді деп сенген. Түркі қағаны Тәңіріден алған саяси күшпенен Еуразияда өмір сүретін ұлттарды жөнге салыпты-мыс. Тәңірі сыйы болған күш осылайша “харизматикалық” ерік күшіне ие болды. Сондай-ақ, қаған мемлекетті дәстүр (заң-төре) бойынша басқармаса, Тәңірі берген саяси күшін кері қайтарып алуы мүмкін деп сенген.

Түркі билік түсінігінде діни бір сый деп қабылданған “құт”, яғни саяси күш әулет мүшелері арасында бірінің қолынан екіншісіне ауысып отыратын болған. Сол себептен де түркі мемлекеттерінің ыдырауына ықпал еткен жәйттердің бірі кейінгі кезеңдерде мұрагерлік мәселесінің дәстүрге негізделмей шешілгендігінде еді.

Түркі мемлекеттерінде әміршілердің билік символдары болған. Олардың ішінде лауазым, отау, тақ, ту, дабыл, белдік, қылыш, қамшы,

жебе, ту, қанжар секілді элементтер кездеседі. Түркі әміршілері батыр және қаһарман болуы, ал білгелері мәртебеге лайықты болуға тиіс еді. Бойындағы осындай жоғары қасиеттерге ие бола алмағандарға халық қолдау көрсетпеген.

Түркі әміршілеріне мемлекет билігін жүргізуіне мемлекет мәжілістері (той, кенгеш, тернек, құрылтай т.б) көмекші болған. Мемлекет мәселелері жиналыстарда талқыланып, шешім қабылданатын. Әміршілердің жұбайлары да мемлекет билігінде маңызды рөл ойнаған. Хатун немесе улуғ хатун атына ие болған жұбайлардың бөлек отаулары мен көмекшілері болған. Олар жиындарда әміршінің қасында болып, мемлекет мәжілістеріне қатысатын. Сондай-ақ, елші жіберіп, елші қабылдайтын болған.

Басқаша айтқанда, дүниенің қай жерінде болмасын, бір мемлекеттің түркілік сипаты ең алдымен аталмыш саяси болмыстан, яғни басшылық, мүліктік, әскери, жарлық және мәдени салалардан көрінуі керек. Ежелгі дәуірден бүгінге дейін түрлі территорияда 120-дан аса түркі мемлекеті құрылған. Бұл мемлекеттерге «түркі» сипатын беретін факторды «Түркі мемлекетінің басқару дәстүрі» деп атаған жөн болар еді.

Тарихта түркі мемлекеттерінің құрылуы мен ыдырауын түркілік әлеуметтік болмыспен (отбасы, оба, ру, тайпа, ұлт) байланыстыруға болады. Мұның ұлан-ғайыр Түркістан, Еділ-Орал және Қара теңіздің солтүстігінде тарих сахнасына шыққан түркі мемлекеттеріне тікелей қатысы бар. Себебі, аталмыш дәуір мен географиялық ортада саяси күші әлсіреген кез-келген бір түркі мемлекетінің орнына келген жаңа мемлекеттің көбінесе басқа бір түркілік ру немесе мемлекеттік отбасы тарапынан құрылғандығы байқалады.

Түркі мемлекеттерінің келесі бір ерекшелігі – басқару түсінігінің “Әлемдік мемлекет” болуы. «Оғыз қаған» дастанында “шатырымыз – көк аспан, байрағымыз – алтын күн” деген сөзден-ақ әлемдік мемлекет түсінігі анық байқалады. Түркі мемлекеті түсінігін нақты түрде айқындайтын осы танымды әлі де аша түсетін болсақ, түркі мемлекеттерінің билігі орнатылған жерлерде жергілікті халыққа діни, мәдени, экономикалық, жалпы айтқанда, әлеуметтік тұрғыдан құқық берілген. Батыстық империялардағыдай адамдарды түр-түсіне, тіліне, сенімдері мен мәдениеттеріне қарап, бөле-жарып, түрліше қарым-қатынас орнату бұлардың санасында болмаған. Осы тұрғыдан алғанда, әлемдік мемлекет ұғымы “империядан” тіпті басқаша. Түркі тарихын түсіну үшін түркі қауымдарының түркі мемлекетінің болмысы

жөніндегі ой-пікірлерін танып, білу керек. Отбасынан басталатын бұл көзқарас күллі түркі қауымдастығына дейін ұласқан.

Түркі мемлекеттерінде отбасы мен орда қоғамның негізін құрайды. Еуразияда болсын, басқа жерде болсын, құрылған түркі мемлекеттері құрылымы мен болмыстарын сақтап қалу үшін алдыңғы қатарлы соғыс технологиясының қуатын арттыруға мән берген. Олардың Қытай шекарасынан Орта Еуропаға дейінгі үлкен бір территорияға билік жүргізуінің басты себебі де осында жатыр. Мысалы, Атилла мен Шыңғыс ханның саяси құрылымдары әскери күштердің арқасында әлемдік мемлекет деңгейіне көтерілгендігі тарихи шындық. Бүгінгі таңда құдіретті мемлекеттердің де үш құрлыққа үстемдік етуі әскери күш пен технологияға тікелей байланысты. Түркі мемлекеттері де күшті әскері мен қажетті құрал-саймандардың арқасында көптеген басқа қауымдарға билік жүргізе алған. Сондықтан заманында түріктерде “әскери ұлттық дәстүр” мығым болған. Бұл әрбір түркі азаматы бейбіт өмірде, яғни күнделікті өмірде отбасына, обасы (тайпа) мен мемлекетіне қауіп-қатер төнген жағдайда дереу бір жауынгер болып шыға келеді деген мағынаны береді.

Жалпы дала мәдениеті үстем болған дәуірлерде әскерге “чери”, отырықшы түркі мемлекеттерінде “черимен” бірге “ер”, бүгінде “әскер” немесе “ер”, сондай-ақ қосын, жасақ деген атаулар қолданылған. Сонымен қатар, түркі әміршілерінің таңдаулы әскерлерден құралған қорғаныс ұйымдары болған. Көктүрік қағандарының мұндай арнайы әскерлері “бөрі” деп аталған. Шыңғыс ханның әскери жеңістерінде айтарлықтай рөл ойнаған арнайы әскерінің аты “хасса одағы” (гвардия) еді. Түркілерде әскердің бас қолбасшысы болған қаған соғыстарда міндетті түрде әскерінің алдыңғы шебінде жүруі шарт болған.

Профессор А.Ювалының айтуынша түркі мемлекеттерінің ортақ бір ерекшелігі Мөде ханнан бастап бүгінге дейін жалғасып келген әскери жүйесінің “ондық жүйеге” сай құрылуы еді. Түркия Республикасы жаяу әскерлерінің құрылымы Мөде ханнан бастауын алған ондық жүйемен тікелей байланысты. Түркі әскерінде 10 000 кісілік әскери ұйым түмен деп аталады және оны түменбасы басқарады. Мұның артынан мыңдық, жүздік және ондық ұйымдар келеді және оларды мыңбасы, жүзбасы және онбасы секілді лауазымды қолбасшылар басқарады. Шыңғыс ханнан бұрын моңғолдарға қауіп-қатер төнген кезде уақытша топ құрылып және

оқиға аяқталғаннан кейін таратылып жіберілетін топтардан жасақталған “күрен жүйесі” болған. Шыңғыс хан күрен жүйесін тастап, түріктердегі ондық жүйені енгізген. Нәтижеде, сол уақытқа дейін әлемге бар-жоғы білінбеген моңғолдар түркі мемлекетін басқару дәстүрін қолданысқа енгізу арқылы әлемдік мемлекетін құрып тарих сахнасына шықты. Сондықтан да Шыңғыс хан құрған бұл мемлекет “Түркі-моңғол мемлекеті” деп айтылып кеткен.

Түркілердің соғыстарда жеңіске жетуінде ондық жүйемен бірге ат пен қару да үлкен рөл ойнаған. Өйткені түркілік соғыс жүйесінде атты әскер жеңіске жетуге зор үлес қосқан. Махмұт Қашқари айтқандай құс үшін қанат қандай қажет болса, түркілер үшін ат сондай керек. Аттың соғыс құралы ретінде үйретілуі және әскери қызметтерде пайдаланылуы түркілердің әскери жеңістерінде негізгі факторлардың бірі болған. Түркілердің дұшпандары, әсіресе қытайлар түркі әскерлерінің киімдерін, қару-жарақтары мен аттарын қабылдағаннан соң ғана барып түркілерге қарсы бағытталған соғыстарда жеңіске жеткен.

Түркі әскерлері соғысқа бара жатқанда қарулары мен ішіп-жемдерін өздерімен бірге алып жүретін болған. Ал, сол замандарда басқа қауымдардың әскерлері өздеріне қажетті заттарды арбамен тасығандықтан біраз қиындықтарға тап болды. Түркі әскерлері өздерімен бірге көбіне сүрленген ет пен сүтті ғана алып жүретін болған.

Әскери қарулардың ішінде алдыңғы қатарда ыңғайлы әрі төрт жаққа да бірдей қолдануға болатын садақ пен жебе тұратын. Сонымен бірге жақын ұрыста қылыш, қанжар, пышақ, күрзі, қамшы, найза, арқан секілді қарулар да қолданылатын. Түркілердің қылышы пішініне және құрышының ерекшелігіне байланысты өткір болып келетін. Қорғаныс қаруы ретінде де қалқан, толға, сауыт т.б қолданылған. Б.з.д. V–IV ғасырларда Есік қорғанынан табылған алтын сауыт өнер мен жасалу шеберлігі тұрғысынан өз дәуірінен бұрын да бір өркениеттің болғандығының айқын дәлелі болса керек. Бүгінгі таңда да түркі әскери саласында кездесетін әмірге мойынұсыну, шұғыл шешім қабылдау, көрсетілген нысананы көздеу және т.б. әр түрлі қағидалар кездеседі. Соғыс әдістері арасында төпелеу және әлсірету, алдаусыратып кері шегіну, торуылға түсіру және жойып жіберу секілді соғыс тәсілдері мекені мен уақытына қарай қолданылған. Негізінде, ауыр қарулармен жабдықталған, сан жағынан өте көп дұшпанға қарсы осы соғыс тактикаларының бірі немесе бірнешеуі бірден

қолданылатын болған. Анадолыдағы Малазгирт соғысында (1071) Сұлтан Алпарслан аталмыш тактикаларды шебер қолдана білген.

Түркі мемлекет ұйымы әлемнің жаратылыс тіршілігіне сай түр-түрге енген және Көктүрік жазбаларында айтылғандай, “Үстімізде – көк аспан, төменде – қара жер, екеуінің арасында адам баласы жаратылыпты, адам баласының үстіне Тәңірі түркі қағандарын (Бумын және Істеміс) отырғызыпты”. Бұдан байқағанымыз: бүкіл әлем – түркі мемлекеттерінің мекені, ал түркі қағандары әлемнің, яғни бүкіл адамзаттың қағаны болып саналады. Түркі қағандарының қол астындағы әр түрлі тіл, дін және әр алуан мәдениет өкілдеріне деген құрметі осы жерден бастау алып отыр. Шыңғыс хан да түркі мемлекетін басқару дәстүрін ұстанып әрекет еткен.

Түркі билеушілері саяси күштерін тікелей Тәңірден алатын болған. Саяси билік орталық, оң-сол немесе шығыс-батыс бағытында үшке бөлінген. Түркі қағанының отауы орталыққа тігіліп, шығыс және батысында жабғу атағымен бауыры немесе ұлдары отыратын болған. Жабғылар ішкі істерде тәуелсіз, ал сыртқы істерде қағанның әміріне мойынсұнған. Әр түрлі лауазымды және ықпалды қызметкерлер болған.

Түркі мемлекеттерінде белгілі бір уақытта шақырылған мәжілістерде мемлекеттің жалпы мәселелері қаралатын болған. Олардың арасында кеңес құрылымы сипатындағы “той” мен “кеңгеш” мәжілістерінің, белгіленген уақытта және арнайы шақырылатын құрылтайлардың мемлекет өміріндегі алатын орны айырықша еді.

Түркі мемлекеттерінде әміршілер “шан-ю, қаған, хан, жабғы, елтебер” секілді атақтарға ие болған. Билік рәміздері ретінде отау, өргін (тақ), ту, дауыл, котузды (сәлде) көрсетуге болады. Тулардың ұшында алтын бөрінің басы орнатылған. Әміршілер үшін таққа отыру салтанаты өткізілген.

Әміршілердің бірінші жұбайы “хатун” лауазымына иеленіп, қағаннан кейінгі сөзді сол алатын болған. Олардың бөлек отаулары мен ордалары болған, мәжілістерде қағанның жанында отырып, өз алдына елшілерді қабылдайтын болған. Хатундар тақ мұрагерінің анасы болғандықтан олардың әке-шешесінің түркі тектес болуына баса назар аударылып отырған.

Әрине, түркі тарихын батыс әлемінің тарихын дәуірлеу жүйесі арқылы анықтау мүмкін емес. Сондықтан, түркі тарихын оқытуды оңайлату үшін түркі мемлекеттерінің әр түрлі территорияда құрылуына қарамастан, оларды, бір жүйе ретінде қарастыру керек.

Мысалы, ислам дінінің түркілер тарапынан қабылдануын орта ғасырлардың басы деп қабылдауға болады. Өйткені, ғылым, технология, ой-пікірі және мемлекет басқарудағы табыстар тұрғысынан бұл кезең өркендеу кезеңі болды. Түркі дүниесі үшін тоқырау кезеңі ретінде XVII ғасыр мен бүгінгі күннің аралығындағы кезеңдерді көрсете аламыз.

Әлемнің барлық жерінде дерлік әрдайым кездесіп отыратынындай, түркі қоғамында да билеушілер (бейлер) мен бағынушылар болған. Алайда, бұл тапқа бөліну емес. Билеушілер тек қоғамды басқару ісіне жауапты болған. Қабілеті мен адалдығына байланысты билік пен әскери салада өзін көрсете білгендер әскери және басшылық қызметтерге көтеріле алатын болған. Яғни, бір онбасының түмен қолбасшысы қызметіне, бір хатшының уәзірлік қызметіне көтерілуі мүмкін еді.

Түркі қоғамы үшін негізгі құндылық болып саналатын «төре» статусы жазылмаған заң іспеттес еді. Түркі мемлекеттерінің құрылуы мен ыдырауы төремен тікелей байланысты болды. «Ел кетер, төре қалар» деген сөзден-ақ төренің қоғам ішіндегі орны анық байқалады.

Түркі әлеуметтік болмысының түп-негізі ең кішкентай әлеуметтік құрылым деп саналатын отбасы болып табылады. Отбасы мемлекеттің өзегі деп есептеледі. Отбасында басталған келеңсіз жағдай мемлекеттің ыдырауына әкеліп соғады. Отбасы мүшелері арасындағы түсіністік пен қызмет бөлінісі автоматты түрде сағат серіппесі секілді реттеліп отырған. Әкенің бүкіл отбасы мүшелерінің, әсіресе ұлдарының алдындағы қызметі мен рөлі өзіндік болса, ананың да қыз баласын тәрбиелеу сияқты арнайы бір міндеті бар. Түркілерде “әкесіз ұл, анасыз қыз қараусыз” деп саналады. Бүгінде “анасына қарап қызын ал, кенеріне қарап бөзін ал” сөзі қазақ және басқа да түркі халықтары арасында кеңінен қолданылады.

Түркі әлеуметтік құрылымында әйел құқықтары шектелмеген, ол отбасының қадірлі бір мүшесі ретінде еркекпен бірге отбасының бүкіл ісіне араласатын. Сонымен бірге атқа мініп, қару ұстап және жарыстарға қатысатын болған. Түркі әйелдерінің ары мен намысына беріктігі сол замандағы деректерде кеңінен сөз болады.

Түркі отбасы үйленіп, үй болуға негізделген. Үйлену екі отбасының немесе жастардың ортақ ырзалығымен жүзеге асырылған. Ұлдың жанұясы қыздың жанұясына “қалың мал” төлесе, қыздың отбасы жасау дайындайтын болған. Қалың малдың мөлшері немесе маңызы отбасының әлеуметтік жағдайына, кіріс көлеміне қарай

өзгеріп отырған. Үйлену той жасау сияқты салтанатпен аяқталған. Үйленген қыз – “келін”, ұл – “күйеу” деп аталған. Түркілер отбасы мен туыстық жақындыққа қатысты терминологияға өте бай. Бұл да болса түркілердің отбасы мен туыстық жақындыққа көп көңіл бөлгенін көрсетеді.

Түркі экономикасында жылқының еті мен сүті пайдаланылып, мемлекетке экономикалық тұрғыдан кіріс келтіретін сауда-саттық тауары ретінде маңызды орын алған. Көрші мемлекеттер соғыс аттарын түріктерден сатып алып отырған. Түркі тілінде ат пен қойға байланысты бай терминология қалыптасқан. Экономикада қой малының да өз алдына ерекше бір орны болған. Оның етін, сүті мен жүнін пайдаланған. Сондай-ақ, көрші мемлекеттерге қойлар да экспортталатын болған. Сиыр, ешкі, түйе және буйвол да қоғам өмірінде маңызды орын алған.

Түркі қауымдары өмір сүрген ортасының жағдайына қарай егіншілікке де мән берген. Егістік өнімдерінің ішінде бидай, арпа және қара бидай бірінші орында тұрады. Бұл өнімдердің артығы көрші мемлекеттерге сатылған. Сауда түрі көбіне “алыс-беріс” жолымен жасалатын еді. Әсіресе, қытайлардан сатып алынған жібектер мен өзге де тауарлардың өтемі үшін ат берілген. Ислам өлкелеріне көбінесе қой мен бағалы терілер сатылған. Мұнымен қатар, сауда-саттықта ақша да қолданылған. Әшекейлік бұйымдар және әр түрлі қару-жарақтар, жүн, май, бал т.б заттар экспорттық өнімдер арасында бірінші орында тұратын-ды.

Шығыс-батыс, оңтүстік-солтүстік бағыттарда саудагерлердің сауда жасайтын және сауда тауарларын таситын жолдары болған. Абақан далаларынан басталып Оңтүстік Сібір ормандары арқылы Еділ-Кама дарияларының тоғысқан жеріне дейін баратын жолды халықтар “тері жолы” деп атаған. Себебі, осы жол арқылы көбінесе тиін, түлкі, құндыз, киік, сусар, бұлғын және сілеусін терілері саудаланатын болған. Сонымен бірге Оңтүстік Қытайдан Шығыс Жерорта теңізі жағалауларына дейін Жібек жолы созылып жатыр. Бұл жолдың үстінде Хами, Турфан, Қарашар, Ақсу, Қашқар, Хотан және Жаркент қалалары орналасқан. Тарихта түркі мемлекеттері көршілерімен Жібек жолы үшін соғысып отырған.

Түркілердің атамекені туралы мәселе ғылым әлемінде әлі де талас-тартыс туғызып отыр. Жалпы, қытай дереккөздеріне негіздеп, Алтай тауларын түркілердің атамекені ретінде көрсететін авторлар кездеседі. Сондай-ақ, түркілердің ата-мекені Орал тауларынан Балқаш

көлінің оңтүстігіне дейін созылып жатқан, бүгінгі Қазақстан Республикасы шекарасында деушілер де бар.

Дастан мен мифологиялық деректер түркілердің әлемге таралуын Эргенеконмен байланыстырады. Алайда, Эргенекон қай жер? Мекен бе, болмаса жай ұғым-елес пе? Бұл сұраққа жауап беру керек. Бұл ретте көне дәуірде түркілердің ата-мекенінің Алтай-Саян тауларының солтүстік батысында болғаны, б.з.д. 1700 жылдан бастап айналасына билік жүргізген түркілердің бүгінгі таңдағы Қазақстан жерінен Мәуараннахрға дейінгі жерде мекендегені және олардың Жерорта теңіз тайпаларымен байланыс жасағандары жөнінде пікірлер алға тартылуда.

Түркі тарихы бойынша жасаған зерттеулерімен танымал болған Клапрот пен Вамбери секілді түркологтар: «Түркілердің ата-мекені Алтай тауларының төңірегінде», – дейді; ал белгілі түрколог Радлов болса, оның Алтайдың шығысында, яғни бүгінгі Моңғолияда болғанын тілге тиек етеді және бұл пікірді Рамстедт те қостайды.

В.В.Бартольд түркілердің ата-мекені Моңғолияда деп көрсетеді, ал археологиялық зерттеулер бұл аймақтың тіпті батыста екендігі турасында сөз қозғауға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыда, атақты түрколог Немет ең көне түрік тілі мен урал тобы тілдері арасындағы жақындыққа сүйене отырып, бұл аймақтың Арал көлі маңында екендігін тілге тиек етеді.

Тіл, археология және тарихи зерттеулердің нәтижесінде көне түркілердің ата-мекені батыста Арал көлі маңынан бастап, шығыста Орхон және Тула өзеніне дейінгі аймаққа; солтүстікте Лена өзендерінің төменгі ағыны, Ертіс бойлары, орта Енисей аймағы; оңтүстікте Талас-Сырдария жағалауына дейін созылып жатқан жерлер екендігі белгілі болды. Көктүрік әліпбиі алғаш қолданылған аймақтың Енисей жағалауында болуы да осы пікірді қуаттайды. Кейінірек олардың мекендеген аймағы кеңейіп, Орхон жағалауы мен Өтүкен таулары өлкелерін де қамтыған. Өтүкен тауының түркі халықтарының ата қонысы болғанын және олар үшін қасиетті мекен саналғанын да естен шығармау керек.

Еуразия территориясында жасалған археологиялық қазбалар түркілердің ата-мекені туралы жаңа пікірлерді жарыққа шығарады. Өйткені, түркілер мекендеген территорияларда бүгінге дейін жүргізілген археологиялық зерттеулердің саны шектеулі еді. Қолда бар археологиялық зерттеулердің нәтижелеріне қарағанда, б.з.д. 3000 жылдан бастап б.з.д. 1700 жылдарға дейінгі аралықта Алтай және Саян

тауларының орталық болып, онда Афанасьев мәдениеті дамыған. Б.з.д. 1700-ден бастап б.з.д. 1200 жылдарына дейін жалғасын тапқан Андронов мәдениеті Тәңірі таулары, Жетісу, Ертіс, Жайық өзендерінің жағалауларына дейін тараған. Б.з.д. 1200-ден б.з.д. 700 жылға дейін жалғасып келген Қарасук мәдениеті Енисей жағалары, Тува, Абакан далалары мен Байкал көліне дейін жеткен. Б.з.д. 700 жылдан бастап, Минусинск және Абакан өлкесінен Алтайға дейін созылып жатқан аймақта Тагар мәдениеті, Алтайдың оңтүстік шығысында бой көтерген Пазырық мәдениеті ғұндар дәуіріне дейін жалғасқан.

Түркілер ата-мекенінің батыста болғандығы жөнінде бірсыпыра болжамдар жасалған. Бірақ этруск, шумер және сақтармен байланысты зерттеулер әлі де болса жеткілікті деңгейде жүргізілмегендіктен, түркілердің ата-мекені жөніндегі пайымдауларымызды жоғарыда айтылған пікірлермен шектеуге тура келеді.

Арғы қазақ мемлекеттілігінің тарихын осынау мекендерден іздеген жөн. Н.Назарбаев айтқандай, Түркістан – қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігін дүниеге әкелген алтын бесік. Бірақ, оның түп-тамыры тым әріде, мыңдаған жылдық тарих қойнауында жатыр. Қазіргі қазақ этносының оның мемлекеттілігінің көне замандарда құрылған түркі мемлекеттермен сабақтастығы жөнінде әңгімелеуге болады. Бұл жәйт салиқалы да, салмақты зерттеуді қажетсінеді.

Енді қазақ мемлекеттілігін танып-білудің кейбір әдіснамалық тармақтарына қысқаша тоқтала кетеміз.

Қоғамдық ұйымдасудың белгілі бір кезеңдегі түрлерінің бірі – мемлекет. Ол қоғамдық өмірдің ең күрделі жақтарын белгілі бір жүйеге біріктіреді. Мемлекеттің пайда болуы қоғамдық жоспарлау, мәжбүрлеу, реттеу, бөлініс және т.б. бастауларын қоғамдау қажеттілігінен туындаған.

Мемлекеттілікті ол құрылған жермен, хронологиялық өлшемдермен, оны құрушы этностар, билеушілер және қаһарман-қолбасшылардың есімдерімен, этностық-мәдени белгілермен етене байланыстыра қарастырған жөн. Және мемлекеттіліктің болмысы сыртқы шекаралардың болуымен де, оның басқа елдермен елшілік қатынас орнатумен анықталса керек. Бұл ретте регионның жетекші экономикалық-мәдени орталығын анықтаудың маңызы зор. Әрине, мұнда миграциялық процестердің әсерін жоққа шығаруға болмас. Бұл факторлар ежелгі түріктердің мемлекеттілік құрылымынан толық көрінген. Қазақтардың арғы ата-бабалары болмыш түркілердің өмір сүрген территориясының жерінде отырықшы және көшпелі түрмыс

кешіп, егіншілік пен мал шаруашылығын да дамытқан. Қоныстар мен қалалар салған. Сондай-ақ, олардың өзіндік қолөнер кәсібі де болған. Әсіресе, діни сенімдердің мемлекеттік пайда болуымен орныққандығы белгілі.

Мемлекет өңірінде бір немесе бірнеше тілде сөйлескен тұрғындардың тілдері мен мәдениетіне қарап мемлекеттіліктің сипатын анықтауға болады. Әрине, этникалық топтардың атаулары маңызға ие, бірақ ол жергілікті сипат алуы немесе жиынтық, жалпытайпалық, мемлекеттік атауларға айналуы мүмкін. Кей-кейде ұзақ замандарда өмір сүрген тайпалық одақтар шекаралары нақты болмай, тез-тез өзгеріске ұшырап тұрған. Сондай-ақ, кейбір замандарда түркі бірлестіктердегі мемлекеттік институттардың жетілмей қалғандығы белгілі. Сонымен бірге біртұтас мәдениетке, территориясы бар, орталықтанған өкіметі құрылған ортағасырлық мемлекеттің барлық белгілерін түрік қағанаттарынан көруге болады. Оның дәлелі ретінде түрік елшілерінің Византияға аттануын атар едік. Мұнда келісім-шарттар түрік қағанатының атынан жасалынған.

Ежелгі түркілердің дүниетанымдық жүйесінде мемлекет мәселесі әр қашанда маңызды орын алған. Оған халықтың өмір сүруін қамтамасыз ететін күш ретінде қараған. Түркілердің пікірінше, мемлекеттің құлауы немесе ыдырауы – үлкен апатты жағдай, түркі халқы күшті мемлекет құра алғанда ғана қалыпты өмір сүре алады деп білген. Мемлекетті құру және оның бүтіндігін сақтау идеясы ресми идеологияның негізін құраған.

В.В.Бартольд Афрасиабты мистикалық Тұранның иесі (владыка) емес, түркі тайпаларының қолбасшысы деп білген (Бартольд В.В. Соч. – М.; «Наука», 1966. – Т.П. – ч.1.– С.661). Табаридің жазуынша, Афрасиабтың үш ұлы болған (Тудж, Салм, Ирдж). Тудж–«ас-син» (қытайлар) хазар және түркілер жерлеріне ие болды (Ахунов А.М. Этноним «ас-сакалиба» в трактате «Та'рих аррусул ва-л-мулук арабского историка ат-Табари») [18]. Афрасиаб өкіметінің материалдары нашар зерттелгендіктен, ол Тұранның көптеген региондарындағы мемлекеттіліктің қалыптасу үдерісін зерттеудің үлгісі бола алмай келеді. Ең алдымен мұның сақ-массагеттерге (скифтерге) қатысы бар. Скифтер мемлекеттілігінің негізін Орта азиядағы Кіші Азияға барған көшпелілер құраған (б.з.д. VII ғ.). Демек, скиф мемлекеттілігінің пайда болуы миграциялық процестермен, көшпелі, жартылай көшпелі тайпалардың үлкен қашықтықта көшіп жүруіне байланысты. Демек, көшпелілердің хандығы, қазақ хандығы

түрік қағанаттарының, бірлестіктерінің мұрагері болып табылады. Қазіргі қазақ халқының этникалық негізін түрік қағанаттарының Алтын (Ақ, Көк) Орданың түркілері құраған. Әрине, алғашқы этникалық субстрат О.Смағұловтың жазуынша, қола дәуірі мен Сақтар заманындағы европеоидтық пішіндес тұрғындар. Бұлар қазақ халқының 30% құрайды, ал қалған 70%-і монголоидтік нәсілдік элементтердің үлесінде. Қазақтардың этногенезінде Алтын Ордаға дейінгі замандардағы қимақ-қыпшақ, қарлұқ, қаңлы, үйсін және т.б. этникалық компоненттер үстем болған. Олардың қазақтарға этномәдени және этносаяси ықпалының әжептәуір болғандығы белгілі. Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңдерде біз қазақ халқының төл мемлекеттілігі тарихы жөнінде емес, оның алғы тарихы жөнінде сөз қозғауға болады деп білеміз. Сондықтан, қазақ халқының этногенезі мен этно-саяси тарихының бастапқы кезеңдерін анықтау қажеттілігі туындайды. Яғни ол қайсы кезеңдер болуы мүмкін деген сұрақтың жауабын беру керек.

Скифтерге дейінгі я болмаса скифтік (сақтық) немесе хундық, әрі қарай үйсін-қаңлылық және кумандық-эфталиттік, әрине ашиналық-түркілік кезеңдерді өзара байланысқан көптеген жүзжылдықтар бөліп жатыр. Біздің пікірімізше, осынау кезеңдер кешенінен түрік атты супер этностың бір бөлігі болып табылатын қазақтың болмысының іздерін табуға болады.

Европада қалыптасқан тарихты ежелгі, ортағасырлық кезеңдер және жаңа заман деп дәуірлеу дәстүрі европа континентінде мекендеген халықтың даму тәжірибесіне тура келетін шығар. Ал, көшпелілердің мемлекеттік құрылымдарына бұл бөлу шартын қолдана қою қалай болар екен? Кейбір авторлар көне түркі тарихын ең көне, көне, отағасырлық кезеңдер және жаңа заман деп қарастыру мақсатқа сай болмақ деп біледі.

Ал, басқа бір зерттеушілер тобы түркілерде феодализмнің бастапқы кезеңінде көшпелі ру-тайпалық қатынастардың басым болғандығын жазады [19, 15-17]. Олардағы материалдық-рухани мәдениеттің даму деңгейі барлық параметрлер бойынша құлдық қоғамдағыдан әлдеқайда төмен болған. Зерттеушілердің бұл тобы дүниежүзілік практикада феодалдық қоғамның өлшемін жер өңдеумен, отырықшы тұрмыспен байланыстыра қарастырады. Біздіңше, түркілер тарихында қоғамдық қатынастар дамуының ерекшеліктерін гео-саяси және табиғи жағдайлар негізінде түсіндіру нәтижелі іс болмақ. Әрине, қағанаттардағы феодалдық қатынастардың генезисі, жерді

пайдаланудың ерекшеліктері, діннің мемлекеттік идеологияны орнықтыруға бағытталуы халықтың тұрмыс салты мен дүниетанымына әсер етпей қоймайды. Осының бәрі көшпелі түркілер өркениеті эволюциясының кезеңдерін анықтауды қиындата түседі. Және де зерттеушілер түркілердің тұрмыс-салтын отырықшы-егіншілік шаруашылықтан ажыратып алып қарастырудың нәтижесінде скифтер түгіл хундарды да түркілерге жатқызуға бейілдік танытар емес. Бұндай болған жағдайда мемлекеттілігіміздің арғы хронологиясы ауада қалықтап қалады да тұрады. Алайда мемлекеттің халқы оның материалдық-рухани мәдениеті мен қоғамдық қатынастарының мұрагері болып табылады емес пе? Олай болса қазақ халқы – Қазақстан территориясында және оған жапсарлас жерлерде өмір сүрген барша мемлекеттің ізбасары деп айтуға болады. Дегенмен де қазақ халқы мемлекеттілігі тарихының алғашқы кезеңдерінің географиялық шекараларының зерттелуі әлі күнге дейін көңілге қонымды да қомақты емес, тіпті мардымсыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұлдыз // 1997, № 3. – б. 184.
2. *Все тюрки встретились на Алтае* // Дала мен қала, 29 тамыз, 2013 ж. – С. 8.
3. Новоженев В.А. *Чудо коммуникации и древнейший колесный транспорт Евразии*. - М.: Таус, 2012. - 50 с. и т.д.
4. *History of Civilizations of Central Asia*, Vol. II: The Development of Sedentary and Nomadic Civilizations: 700 B.C. to A.D. 250 Hardcover – August 1, 1994 by Janos Harmatta (Editor), B.N.Puri (Editor), & 1 more Be the first to review this item.
5. Источники информации: <http://www.gumilev-center.kg/kochevaya-civilizaciya/www.stanradar.com/.../5383-istorija-kochevoj-.24> Eki 2013
6. Балдано М. Н., Бураева О. В. *Отзыв на конференцию: «Проблемы истории и культуры кочевых цивилизаций Центральной Азии»* // Отечественная история. 2001. № 6. - С. 196-198 және т.б.
7. Абетеков А.К. *Археологические памятники кочевых племен в западной части Чуйской долины* // Древняя и ранняя средневековая культура Киргизстана. – Фрунзе, 1967; және т.б.
8. Саханова К. Б. *Кочевой хозяйственный тип в Казахстане*. Вестник КазГУ. Серия экономическая. Алматы, 1998, №9; Кычанов Е.И. *Кочевье государства от гуннов до маньчжуров*. –М.: “Восточная литература” РАН, 1997, с. 283-286.
9. Kafesoğlu I. *Türk milli kültürü. Boğazıcı yayınları*.- Istanbul, 1993.- s. 42.
10. Darmstetter J. *Le Zend – Avesta*, III.- Paris, 1883. - p.- 161.
11. Togan Z.V. *Umumi Türk Tarihine giriş*. 3 Baskı.- Istanbul, 1991.cild I.- S . 37.; De Groot. *Die Hunnen der vorchristlichen Zeit*. I, Berlin–Leipzig, 1921.;
12. Eberhard W. *Çin Tarihi*.- Ankara. - 1947.- s.137. 176.

С.Әбушәріпұлы. Орталық Азия өркениетінің негіздері.

13. Қашқари М. *Түбі бір түрік тілі («Диуани лугат ат-турк»)*. – Алматы: Ана тілі, 1993, 20-б.: Кошғарий М. *Девону лугот-ит турк*. Уч томлик. – Тошкент, 1974. –Т. III. - 422–б.
14. Eşrof Bengi Özbilen. *Kavım adı olarak türk*. – Türk Dünyası araştırmaları. Nisan, 1995, № 95, С. 57.
15. 15. Koppers W. *İlk Türklük ve ilk İndo–Germanlik*. // Belleten, sayı 20, 1941, V, - s. 523.:
16. Новоженев В.А. *Чудо коммуникации и древнейший колесный транспорт Евразии*.- М.:Таус,2012.-500 с. және т.б.
17. N. Nazarbayev. *In the Heart of Eurasia*. – Almaty: Atamura, 2005-p. 192.
18. Ибрагимов С.К. *Еще раз о термине «казах»*. – Труды института истории, археологии, этнографии АН Казахской ССР, т.8, А., 1960.
19. Ахмедов Б.А. *Государство кочевых узбеков*. М., 1965, 15-17-бб.